Қаржы нарығына шолу

2022 жылғы III тоқсан

Қаржы нарығына жасалған шолу қаржы нарығындағы негізгі үрдістерді ашып көрсетеді. Ондағы мақсат – өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толық көрінісін нарық қатысушыларына ұсыну.

Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Құжат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында әр тоқсан сайын электрондық нұсқада жарияланады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе **4**

I. Сыртқы нарық **5**

II. Ақша нарығы **7**

А) Ұлттық Банктің операциялары 7

Б) Репо овернайт нарығының құрылымы 8

III. Валюта нарығы **10**

А) Ішкі валюта нарығындағы ахуал 10

Б) Биржалық валюта нарығындағы операциялар 11

В) Жеткізілмейтін валюта форвардтарының нарығы 11

Г) Қолма-қол шетел валютасы нарығы 12

IV. Қор нарығы **14**

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар 14

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы 15

В) Акциялар нарығы 16

V. Депозит нарығы **18**

А) Депозиттік операциялар 18

Б) Депозиттерді долларландыру 18

В) Депозиттік мөлшерлемелер 19

VI. Кредит нарығы **21**

А) Кредиттік мөлшерлемелер 21

Б) Жаңа кредиттер беру 21

В) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредит портфелі 23

I-бокс. Жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу **13**

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР **24**

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ **25**

ВВЕДЕНИЕ

Сыртқы нарық. Сыртқы нарықтардағы ахуал айтарлықтай проинфляция аясы жағдайында қалыптасты. Дүние жүзіндегі іскерлік белсенділік төмендеді және 2022 жылғы тамыз-қыркүйекте іскерлік белсенділік индексінің деңгейі 50-ден төмен болды. Бұл ретте жаһандық инфляция біршама баяулағанын көрсеткенімен, айтарлықтай жоғары қалпында қалды. III тоқсанның қорытындысы бойынша, мұнай бағасы жаһандық рецессияны күту аясында айтарлықтай төмендеді.

Ақша нарығы. 2022 жылдың III тоқсанында ақша нарығындағы өтімділік профициті біршама ұлғайды, оның негізгі көлемі қысқа мерзімді ноталармен, депозиттік аукциондармен және ҚРҰБ депозиттерімен алынды. Репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке сұраныс жоғары болған салық кезеңінде өсуді көрсетті және 2022 жылғы III тоқсанның соңына қарай базалық мөлшерлеме деңгейінде қалыптасты.

Валюта нарығы. Валюта нарығы III тоқсан ішінде орташа құбылмалылығымен сипатталды. Валюта нарығында сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі байқалады. Спот нарығында ж/ж сауда-саттық көлемі төмендеді, бұл шетел валютасына алыпсатарлық сұраныстың айтарлықтай қысқарғанын көрсетуі мүмкін. Теңгенің динамикасына әсер еткен негізгі сыртқы факторлар энергия тасымалдаушылардың құны, геосаяси жағдай, дамыған елдердегі монетарлық жағдайлардың қатаңдауы және АҚШ долларының басқа елдердің валюталарына қатысты нығаюы болды.

Қор нарығы. Биылғы шілде-қыркүйекте МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі ҚР Қаржымині тарапынан орналастырудың едәуір ұлғаюы есебінен өсуін жалғастыруда. Бейрезиденттердің МБҚ көлемі III тоқсанда айтарлықтай төмендеді. Биылғы тамыз-қыркүйекте ҚР Қаржымині TONIA мөлшерлемесіне индекстелген МЕТИКАМ қазынашылық міндеттемелерді шығарды. III тоқсанда тәуекелсіз кірістілік қисығы көбінесе дөңес нысанды сақтайды. Атап айтқанда, базалық мөлшерлеменің өсуі аясында қысқа мерзімді кезеңде 1 жылға дейін ұлғаю байқалады. Бұл ретте, тамызда қисық инверттелген (кері) нысанға ие болды. KASE индексі жергілікті сұраныстың ұлғаюы аясында қалпына келіп, 2 674,72 тармақтан 3 083,79 тармаққа дейін 15,3%-ға өсті.

Депозиттік нарық. Депозиттік ұйымдардағы депозиттердің көлемі ұлттық валютадағы қаражаттың ұлғаюы аясында III тоқсанда өсуін жалғастырды. Алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының түсуі есебінен банк секторының депозиттерін долларландырудың аздап өсуі байқалады. Жеке және заңды тұлғаларды долларландыру динамикасы 2022 жылғы мамырдан бастап түрлі бағытта қалыптаса бастады. Бизнестің валюталық салымдарының өсуі мен жеке тұлғалардың валюталық салымдарының төмендеуі төртінші ай қатарынан бірге жүріп келеді. Жеке тұлғалардың долларлануы соңғы 15 жылда ең төменгі 31,7% деңгейге дейін төмендеді.

Кредит нарығы. Жүргізілетін ақша-кредит саясаты аясында III тоқсанда кредиттік ресурстардың құны көтерілді. Дегенмен, заңды тұлғаларды кредиттеу көлемі негізінен теңгемен берілген қарыздар есебінен өсуді жалғастырды. Логистиканың нашарлауына және Ресейге салынған санкциялардан бұрын зардап шеккен банктердің кредиттік белсенділігінің төмендеуіне қарамастан, экономиканың негізгі салаларында ж/ж кредиттер берудің оң өсуі сақталады. Ипотекалық кредиттер үлесінің қалыпты кеңеюіне байланысты нарықтық негізде ипотека бойынша мөлшерлеме өсті.

I. Сыртқы нарық

2022 жылғы III тоқсанда сыртқы нарықтардағы ахуал айтарлықтай проинфляция аясы жағдайында қалыптасты.

Дүние жүзінде іскерлік белсенділік төмендеді және 2022 жылғы тамыз-қыркүйекте іскерлік белсенділік индексінің деңгейі 50-ден төмен болды. Бұл ретте жаһандық инфляция біршама баяулағанын көрсеткенімен, айтарлықтай жоғары күйінде қалды.

III тоқсанның қорытындысы бойынша, мұнай бағасы жаһандық рецессияны күту аясында айтарлықтай төмендеді.

III тоқсанда АҚШ-тағы инфляция 2022 жылғы маусымдағы үдеп тұрған 9,1%-дан қыркүйекте біртіндеп 8,2% дейін баяулады.

Инфляцияны тежеу мақсатында АҚШ ФҚЖ негізгі пайыздық мөлшерлемені шілдеде 75 б.т.-қа 2,25-2,5%-ға және қыркүйекте 75 б.т.-қа 3,0-3,25%-ға дейін көтерді. Бұл ретте ФҚЖ орта мерзімді перспективада инфляцияны 2%-ға дейін төмендету мақсатында мөлшерлемені одан әрі арттыруды болжайды.

Дамыған елдердің орталық банктері мөлшерлемелерге қатысты барған сайын агрессивті ұстанымға ие болып отыр. Ұлыбританияның жылдық инфляциясы 2022 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша ең жоғарғы 10,1% мәнге жетті. Жоғары проинфляциялық қор аясында Англия Банкі пайыздық мөлшерлемесін тамызда 50 б. т.-қа 1,75%-ға дейін (соңғы 27 жылда ең жоғары өсу) және қыркүйекте 2,25%-ға дейін күрт көтерді. 2022 жылғы қыркүйекте ЕОБ тарихта алғаш рет базалық мөлшерлемесін 75 б.т-қа 1,25%-ға дейін көтерді. Канада Банкі де мөлшерлемесін 75 б.т-қа 3,25%-ға дейін көтерді.

Монетарлық талаптардың жалғасып жатқан қатаңдауы аясында АҚШ долларының индексі 2002 жылғы маусымнан бастап алғаш рет 113 тармақтар белгісін еңсере отырып, рекордтарды жаңартуда. Бұл тағы бір тарихи оқиғаның туындауына – 2002 жылғы желтоқсаннан бері алғаш рет доллардың еуромен паритетке жетуіне, содан кейін қымбаттай түсуіне әкелді. Доллардың нығаюынан дамушы елдердің валюталары айтарлықтай қысымды сезіне бастады (1-график).

1-график. АҚШ МБҚ кірістілігі (%), EM валютасы және АҚШ долларының индексі (31.12.2019 = 100)



Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

Әлемдегі іскерлік белсенділігі бәсеңдеуді жалғастырды. Осылайша, PMI Global Composite іскерлік белсенділігінің жаһандық индексі екінші ай бойы қатарынан 50 деңгейден төмен болды және 2022 жылғы қыркүйекте 49,7 (2022 жылғы тамызда - 49,3) құрады.

Әлемдегі ықтимал жаһандық рецессияға қатысты алаңдаушылық шикізат нарықтарына қысым жасайды. Осылайша, III тоқсанның қорытындысы бойынша мұнай құны баррель үшін 114,81 АҚШ долларынан 87,96 АҚШ долларына дейін 23,4%-ға төмендеді, бұл дамушы нарықтардың валюталарына теріс әсер етеді (2-график). ОПЕК+-тің 2022 жылғы 5 қыркүйекте шикізат өндіруді қазанда тәулігіне 100 мың баррельге қысқарту туралы шешімі мұнай баға белгілеулеріне оң әсерін тигізді.

2-график. Мұнай, көмір және табиғи газ бағаларының динамикасы (31.12.2019 = 100)



Дерек көзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

III тоқсанның қорытындысы бойынша табиғи газдың баға белгілеулері Еуроодақтың 12 еліне Ресей газын жеткізудің қысқаруы және оның кейін толық тоқтатылуы, сондай-ақ Еуропада алдағы жылу беру маусымының аясында өңірде орын алып отырған тапшылық кезінде 24,7%-ға өсті.

2022 жылғы тамызда ЕО және Ұлыбритания елдерінің Ресей көміріне эмбаргосын енгізу әлемдік нарықта қатты отынның қымбаттауына әкелді (2-график).

II. Ақша нарығы

Ақша нарығында 2022 жылғы III тоқсанда өтімділік профициті біршама ұлғайды, оның негізгі көлемі қысқа мерзімді ноталармен, депозиттік аукциондармен және ҚРҰБ депозиттерімен алынды.
Репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке сұраныс жоғары болған салық кезеңінде өскенін көрсетті және 2022 жылғы III тоқсанның соңына қарай базалық мөлшерлеме деңгейінде қалыптасты.

III тоқсанда Ұлттық Банк 2021 жылдың екінші жартысынан басталған дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырды.
2022 жылғы 26 шілдеден бастап базалық мөлшерлеме 14,5%-ға дейін (14,0%-дан) өсірілді және 6 қыркүйекте осы деңгейде сақталды. Шілдеде базалық мөлшерлемені көтеру туралы шешім жүріп жатқан инфляциялық үдерістердің орнықтылығына, сұранысты фискалдық ынталандыруға және сыртқы инфляциялық аяға байланысты қабылданды.
III тоқсанда TONIA мөлшерлемесі төменгі шекараның маңында басымдықпен қалыптасты. ҚРҰБ-да кепілді қамтамасыз етудің көлемі шектеулі болуына байланысты өтімділікті ұсыну көлемі сақталған кезде жекелеген қатысушылар тарапынан өтімділікке сұраныс төмендеуі аясында жекелеген күндері TONIA пайыздық дәліз шекарасынан төмен қалыптасты.
Тамыздың соңында өткен тоқсан сайынғы салық аптасының кезеңінде теңгелік өтімділікке сұраныс артуына байланысты мөлшерлеме жоғарғы шекара маңында болды (3-график).

3-график. МБҚ-мен репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер



Дерек көзі: ҚРҰБ

Нәтижесінде тамыздың соңында салық аптасы кезеңінде оң аймаққа өтуімен базалық мөлшерлеме мен TONIA мөлшерлемесі арасында теріс спред қалыптасты. Орта есеппен III тоқсанда спред (-) 0,6 п.т. деңгейінде қалыптасты. Салыстыру үшін I т. жоғары құбылмалылық кезеңінде спред 0,4 п.т. деңгейінде болды, ол кезде ақша нарығының мөлшерлемелері пайыздық дәліздің жоғары шекарасына жақын қалыптасты.

А) Ұлттық Банктің операциялары

III тоқсанда көбінесе ашық нарық құралдарымен алынатын ақша нарығындағы өтімділік профициті 3,2 трлн теңгеге дейін т/т 2,0%-ға біршама өсті (4-график). Қаражатты алудың негізгі көлемі ноталар (1,7 трлн теңге), депозиттік аукциондар (0,9 трлн теңге) және ҚРҰБ депозиттері (0,6 трлн теңге) арқылы жүзеге асырылды.

4-график. ҚР ҰБ операциялары бойынша ашық позиция



Дерек көзі: ҚР ҰБ

Ноталардың құрылымы айтарлықтай өзгерді. Үш айлық және жартыжылдық ноталардың үлесі III т. ішінде қысқарды. III т. соңында айналыс мерзімі 28 күндік ноталар ғана ұсынылды (5-график). Бұл 2022 жылғы сәуірден бастап 182 күдік мерзімі бар ноталар мен 2022 жылғы шілдеден бастап 91 күндік мерзімі бар ноталар шығарылымы жойылуына байланысты болды.

5-график. Ноталар мен депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция



Дерек көзі: ҚРҰБ

Депозиттік аукциондар мен ноталар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме өсуінен кейін көтерілді (6-график). Депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме деңгейінде қалыптасты, айлық ноталар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлемеге жақын қалыптасты.

6-график. Ноталар мен депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚР ҰБ

III т. тұрақты қолжетімділік операциялары арқылы өтімділікті алып қою көбінесе ЕДБ-ның Ұлттық Банктегі депозиттерімен жүзеге асырылды, олардың көлемі ақша нарығында теңге ұсынысы өсуі (1,6 есе ж/ж) аясында орта есеппен 1,7 есе өсті.

Тікелей репо операцияларымен өтімділікті алып қою да орта есеппен 1,5 есе т/т (6,0 есе ж/ж) өсті.

Тоқсанның екінші жартысында теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс аясында ҚРҰБ жекелеген күндері тұрақты қолжетімділік операциялары бойынша кері репо арқылы өтімділікті ұсынды (7-график).

7-график. ҚРҰБ тұрақты қолжетімділік операцияларының көлемі



Дерек көзі: ҚРҰБ

Б) РЕПО овернайт нарығының құрылымы

Репо нарығының құрылымында 46,4% нарықтық үлесі бар бір күндік репо операциялары басым. Бұл ретте үлесі 23%-ға дейін өскен 30 күндік реподан басқа, операциялар көлемі барлық мерзімдер бойынша (т/т) төмендеді (8-график).

8-график. РЕПО нарығындағы ашық позициялар



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Бір күндік репо нарығында өтімділікті орналастырудың барлық көлемінен аздап жартысына жуығы - 45%-ы тиесілі брокерлік және инвестициялық компаниялардың өтімділікті орналастыру үлесі ұлғаюы жалғасуда (II тоқсанда 34%). Сонымен бірге ірі қорлар, даму банктері, мемлекеттік компаниялар өздерінің қатысу үлестерін қайтадан 31% -ға дейін (II тоқсанда 20%) ұлғайтты. Қалған қатысушылар өздерінің қатысу үлестерін: банктер - 19%-ға дейін (II тоқсанда 30%) және Ұлттық Банк - 5%-ға дейін (15%) төмендетті.

Активтерінің мөлшері бойынша үздік 10 ЕДБ өтімділікті орналастыру бойынша басым, алайда олардың үлесі III тоқсанда 88%-дан 71%-ға (т/т) дейін төмендеді. Бұл, оның ішінде Ресей банктерінің кейбір еншілес ұйымдары ақша нарығынан кетуіне байланысты болды.

Өтімділікті тарту бойынша негізгі қатысушылардың құрылымы өзгерді. Олардың ішінде брокерлік, инвестициялық компаниялардың үлесі 37%-ға дейін ұлғайды (II тоқсанда 31%), ал банктердің үлесі өтімділікті тартудың жалпы көлемінің үштен бір бөлігіне дейін - 33%-ға төмендеді (II тоқсанда 57%) (9-график).

Артық өтімділік өсуі аясында Ұлттық Банктің қатысу үлесі 29%-ға дейін ұлғайды (2022 жылғы II тоқсанда 11%).

9-график. 1 күндік репо нарығының құрылымы



Дерек көзі: ҚР ҰБ, ҚҚБ

Басқалары- брокерлік және инвестициялық компаниялар, ірі қорлар мен даму банктері

Тарту бөлігінде бір күндік репо нарығының шоғырлануы тоқсанның соңына қарай төмендеп, жоғары болып қалды. Бұл 2021 жылғы III тоқсаннан бастап өтімділікті тарту бөлігінде бір күндік репо нарығының 50%-дан астамы тиесілі болған банктердің үлесі төмендеуіне байланысты болды.

Өтімділікті орналастыру бөлігінде брокерлік, инвестициялық компаниялар мен ірі қорлар, даму банктері, мемлекеттік компаниялар үлесінің өсуіне және банктер үлесінің төмендеуіне байланысты нарықтың шоғырлануы неғұрлым жоғары болды (10-график).

10-график. Бір күндік репо нарығының шоғырлануы (Херфиндаль-Хиршман индексі)



Дерек көзі: ҚР ҰБ

Нарықтағы шоғырлану дәрежесін бағалау үшін қолданылатын Херфиндаль — Хиршман индексі негізінде есептелді. Барлық қатысушылардың үлестері квадраттарының сомасы ретінде айқындалады. Индекстің мәні: жеке қатысушының үлес салмағы неғұрлым жоғары болса, индекстің мәні соншалықты жоғары болады. Осылайша, неғұрлым бұлыңғыр аймақ барынша жоғары шоғырлануды білдіреді:

Жоғары шоғырланған нарықтар: 1800 < HHI < 10000; -10000 < HHI < -1800

Орташа шоғырланған нарықтар: 1000 < HHI < 1800; -1800 < HHI < -1000

Төмен шоғырланған нарықтар: 0 < HHI < 1000;

- 1000 < HHI < 0

III. Валюта нарығы

Валюта нарығы 2022 жылғы III тоқсанда қалыпты құбылмалылықпен сипатталды. Валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігі байқалды. Спот жыл/жыл нарығындағы сауда-саттық көлемі төмендеді, бұл шетел валютасына алыпсатарлық сұраныстың айтарлықтай қысқарғанын көрсетуі мүмкін.

Энергия тасымалдаушылардың құны, геосаяси жағдай, дамыған елдердегі монетарлық жағдайлардың қатаңдатылуы және АҚШ долларының басқа елдердің валюталарына қатысты нығаюы теңгенің динамикасына әсер еткен негізгі сыртқы факторлар болды.

Ішкі валюта нарығында квазимемлекеттік сектордың экспорттық валюта түсімін сату теңгеге қолдау көрсетті.

2003 жылдан бері алғаш рет қолма-қол рубль ұсынысы халықтың Ресей валютасына сұранысынан асып түсті.

А) Ішкі валюта нарығындағы ахуал

2022 жылғы III тоқсанда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбастау бағамының динамикасы бірқалыпты құбылмалы болды.

2022 жылғы шілдеде демалыс маусымына және компаниялардың дивиденд төлеуіне байланысты шетел валютасына ішкі сұраныстың жоғарылауы байқалды. Теңге бағамы шілде ішінде құбылмалы болып, бір АҚШ доллары үшін 470,24 теңгеден 477,07 теңгеге дейін 1,5%-ға аздап әлсіреді.

Тамызда теңгенің біршама нығаюы (472,29 дейін 1,0%-ға) ай соңына қарай тоқсан сайынғы салық апталығы шеңберінде ұсыныстың өсуімен қатар жүрді. Мәселен, тамызда квазимемлекеттік сектор субъектілері сатқан валюталық түсім көлемі 469,5 млн АҚШ долларын құрады.

Қыркүйекте сыртқы геосаяси тұрақсыздықтың күшеюі теңге бағамына қысым көрсетті. Теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 476,53 теңгеге дейін а/а 0,9%-ға әлсіреді.

Қатысушылардың жаһандық тәуекел-сентиментінің нашарлауы аясында бейрезиденттердің ҚР МБҚ мен ноттарына салымдары көлемі III тоқсанда 379,3 млрд теңгеге дейін 20,6%-ға төмендеді. Осылайша, бейрезиденттердің ҚР МБҚ мен ноттары нарығына қатысу үлесі II тоқсандағы 3,1%-дан 2022 жылғы III тоқсанда 2,3%-ға дейін төмендеді. Бейрезиденттердің төмен үлесінің сақталуы бейрезиденттердің МБҚ құралдарынан ықтимал кетуінің болашақ тәуекелдерін едәуір төмендетеді, теңгенің айырбастау бағамын қалыптастыруға төлем балансының ағымдағы шотының және халықтың күтулерінің әсерін арттырады.

Ұлттық қордан бюджетке трансферттер бөлу шеңберінде шетел валютасын сатудың жалпы көлемі 2022 жылғы III тоқсан ішінде 684,3 млн АҚШ долларын құрады (11-график), бұл ретте тамызда және қыркүйекте Ұлттық қордан сату барынша аз болды.

Валюта нарығындағы шетел валютасының ұсынысына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шетел валютасын сатуы айтарлықтай қолдау көрсетті, олардың тоқсан ішінде жалпы көлемі 1,6 млрд АҚШ долларын құрады (ж/ж өсуі – 23,1%).

Бұл ретте биржалық және банкаралық сегменттердегі спот операцияларының жалпы көлемі 2022 жылғы III тоқсанда 32,5 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылғы III тоқсаннан 16,6% төмен (және 2022 жылғы II тоқсандағы көрсеткіштен 5,9% төмен).

11-график. Биржалық нарықтағы сауда-саттық көлемі, ҰҚ-дан валютаны конвертациялау



Дерек көзі: ҚР ҰБ

Б) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

2022 жылғы III тоқсанда валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігі аясында теңге бағамының құбылмалылығы бірқалыпты болды (12-график). Ұлттық Банк тоқсан ішінде валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

12-график. Биржада теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының құбылмалылығы, %



Дерек көзі: ҚҚБ, ҚР ҰБ есептеулері

III тоқсанның басында теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы әлсіреді (кестедегі қызыл шамдар), алайда тамыздың басынан бастап күндізгі сауда-саттықта теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы байқалды, бұл ашу бағасының жабылу бағасынан (көбінесе жасыл шамдар) асып түсуінен көрінді.

13-график. Биржалық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дерек көзі: Refinitiv, ҚҚБ

Жалпы алғанда, биржалық нарықтағы сауданың жалпы көлемі спот пен своп операцияларын қоса алғанда 16,8 млрд АҚШ долларын құрады, бұл алдыңғы тоқсаннан 1,8 есе төмен (және 2021 жылғы ұқсас тоқсаннан 23% жоғары) (14-график).

14-график. Мәмілелер түрі бойынша биржалық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дерек көзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

Бір күндік валюта своптары бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 1,7 есе айтарлықтай төмендеп, 9,6 млрд АҚШ долларын құрады (2021 жылғы III тоқсанмен салыстырғанда 3,6 есе жоғары). Бұл ретте 2 күндік валюта своптары бойынша мәмілелер көлемі 624 млн АҚШ долларына дейін 11,4 есе төмендеді (2021 жылғы III тоқсанмен салыстырғанда 3,3 есе төмен) (15-график).

15-график. Биржалық валюталық своптар бойынша мәмілелер



Дерек көзі: ҚҚБ

В) Жеткізілмейтін валюталық форвардтарының нарығы

Доллар-теңге жұбы бойынша жеткізілмейтін валюта форвардтарына (NDF) баға белгілеу есепті тоқсанда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы биржалық бағамы бар спредтің құбылмалылығын көрсетіп, нарықтың кәсіби қатысушыларының ықтимал

рецессия және геосаяси ушығу аясында 3 айға және 1 жылға дейінгі аралықта теңгенің әлсіреуін күтетіні туралы белгі берді (16-график).

16-график. NDF спредтері, жылдық %-бен



Дерек көзі: ҚР ҰБ

Г) Қолма-қол шетел валютасы нарығы

2022 жылғы III-тоқсанда халық нетто негізде 461,1 млрд теңгеге баламалы сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 18,7%-ға аз (43,2%-ға аз ж/ж) (17-график). 2003 жылдан бері алғаш рет қолма-қол рубльге ұсыныс халықтың Ресей валютасына сұранысынан асып түсті. Мысалы, қыркүйекте халық нетто негізде рубльді сатушы болды. Сонымен қатар, АҚШ долларын нетто-сатып алу 2022 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда 22,0%-ға төмендеді (32,8% ж/ж). Мұндай динамика АҚШ долларына сұраныстың төмендегенін көрсетеді.

Қолма-қол шетел валютасын жиынтық нетто-сатып алу құрылымындағы АҚШ долларының үлесі жалпы шығыстардан 74,6%, еуро – 23,6% болады.

17-график. Халықтың шетел валютасын нетто сатып алуы/сатуы



Дерек көзі: ҚҚБ, Refinitiv, ҚР ҰБ есептеулері

1-бокс

Жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жылғы III тоқсанда дамушы елдердегі АҚШ долларына қатысты көлемі жағынан көп саудаға түсетін валюталар бағамының динамикасы былай қалыптасты:

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, %
(2022 жылғы III тоқсанда)



АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюына және дамушы елдер валюталарының құлдырауына қарамастан, Мексиканың ұлттық валютасы позициясын сақтап қалды. Қарастырылып отырған кезеңде **мексика песосы** 0,1%-ға ғана (20,12-ден 20,14-ке дейін) әлсіреді. Мөлшерлеменің 9,25%-ға дейін (тоқсанда 2,25 п.т.) айтарлықтай көтерілуі мексика песосындағы активтердің тартымдылығын қолдайды. Мексикаға ақша аударымдары көлемінің рекордтық көрсеткіштері (тамызда 5,12 млрд АҚШ доллары) және туризмге байланысты шетел валютасының әкелінуі сауда балансы дефицитінің (тамызда -5,5 млрд АҚШ доллары) кеңеюін өтейді;

Индонезия рупиясы АҚШ ФҚЖ-ның ақша-кредит саясатын агрессивті қатаңдатуы және АҚШ-тың қазынашылық облигациялары кірістілігінің артуы аясында 2,2%-ға (14 903-тен 15 227-ге дейін) әлсіреді. Индонезия банкі, атап айтқанда жеткізілмейтін форвардтар нарығында валюталық интервенциялар жүргізді және негізгі мөлшерлемені 3,55%-дан 5,95%-ға дейін арттыруды жалғастырды;

Үшінші тоқсанда **Бразилия реалының** 2,9%-ға (5,26-дан 5,41-ге дейін) әлсіреуі инвесторлардың жаһандық тәуекел дәрежесінің төмендеуі аясында жалғасты. Орталық банк мөлшерлемені тоқсан ішінде 13,25%-ға дейін 1 п.т. көтерді, сонымен бірге елдегі инфляция қарқыны (тамыздағы 8,73%-ға және шілдедегі 10,07%-ға қарағанда қыркүйекте 7,17%-ға дейін) бәсеңдеді;

АҚШ ФРЖ-ның қатаң ақша-кредит саясаты және импорттаушылар тарапынан шетел валютасына сұраныстың артуы **үнді рупиясына** теріс әсер етеді. Қарастырылып отырған тоқсанда үнді валютасы 3%-ға (78,98-ден 81,35-ке дейін) әлсіреді.

Түрік лирасы инфляцияның 80%-дан (қыркүйекте 83,45%) жоғары өсуіне қарамастан, Орталық банктің мөлшерлемені 12%-ға дейін (2 п.т.) төмендетуі аясында 11%-ға (16,7-дан 18,53-ке дейін) әлсіреді.

Әлемдегі жетекші Орталық банктердің мөлшерлемелерді арттыруы, инвесторлардың тәуекел дәрежесінің нашар болуы және шикізат тауарлары бағасының тоқсан сайын төмендеуі 3-тоқсанда **Оңтүстік Африка рандының** теріс динамикасының факторлары болып табылды. ОАР ұлттық валютасы 11,1%-ға (16,28-ден 18,09-ға дейін) әлсіреді. Орталық банк тоқсан үшін мөлшерлемені 4,75%-дан 5,5%-ға дейін біркелкі көтерді, бұл ретте елдегі инфляция қарқыны (қыркүйекте 7,5%) бірқалыпты күйінде қалады;

Ресей рублі Ресейде ішінара жұмылдыруды енгізу туралы хабарламалар, Ресей Федерациясына ДХР, ЛХР, Запорожье және Херсон облыстарын қосу туралы референдумдар салдарынан геосаяси шиеленістің өршуі аясында қаралып отырған тоқсанда 13,6%-ға (51,45-тен 58,45-ке дейін) әлсіреді.

IV. Қор нарығы

Биылғы жылғы шілде-қыркүйек айларында МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі ҚР Қаржымині тарапынан орналастырудың едәуір ұлғаюы есебінен артты. Бейрезиденттердің МБҚ көлемі айтарлықтай төмендеді. Биылғы жылғы тамыз-қыркүйек айларында ҚР Қаржымині TONIA мөлшерлемесіне индекстелген МЕТИКАМ [1] қазынашылық міндеттемелерін шығарды.

III тоқсанда тәуекелсіз кірістілік қисығы көбінесе дөңес нысанды сақтайды. Атап айтқанда, шілдеде базалық мөлшерлеменің көтерілуі аясында 1 жылға дейін қысқа мерзімді уақытта ұлғаюы байқалады. Бұл ретте, тамызда инверттелген (кері) нысанды сатып алды. KASE индексі 2022 жылғы III тоқсанның қорытындысы бойынша өсіп, 11,85-ке дейін 23 б.т. өсті.

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар

Тәуекелсіз кірістілік қисығының қысқа мерзімді уақытта өсуі шілдеде базалық мөлшерлеменің 14,0%-дан 14,5%-ға дейін артуы аясында болды (18-график).

18-график. Кірістілік қисығы



Дерек көзі: ҚР ҰБ, ҚҚБ

Шілдеде бастапқы нарықта орналастырылатын ҚР Қаржыминінің МБҚ кірістілігі жылдық 13,70-14,50% аралығында ауытқыды, тамызда 13,85-15,07%-ға дейін өсті және қыркүйекте жылдық 13,90-15,16%-ға дейін өсті.

Биылғы жылғы қыркүйекте тәуекелсіз кірістілік қисығының 2 жылға дейінгі ең қысқа уақыттағы кірістілігі осы жылғы маусымға қатысты өсті, бірақ бұл ретте кейінгі орта және ұзақ мерзімді кезеңде төмендегені байқалады.

19-график. МБҚ нарығындағы мәмілелер көлемі, млрд теңге



Дерек көзі: ҚҚБ

Бюджет тапшылығын қаржыландыру қажеттілігі жағдайында бастапқы нарықта орналастырудың ұлғаюына байланысты 2022 жылғы III тоқсанда МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі 1 769,1 млрд теңге болды, бұл 11,64%-ға немесе 184,4 млрд теңгеге т/ артық және 2,4 еседен астам немесе 1033,7 млрд теңгеге ж/ж көп 1033,7 млрд теңгеге артық. Биылғы жылғы тамыз-қыркүйек айларында ҚР Қаржымині TONIA мөлшерлемесіне индекстелген МЕТИКАМ қазынашылық міндеттемелерін шығаруды бастады (19-график).

МБҚ бастапқы нарығындағы мәмілелер көлемі үшінші тоқсанда 22,32%-ға немесе 230,1 млрд теңгеге т/т және 2 еседен жоғары немесе 668,79 млрд теңгеге ж/ж ұлғайып, 1 261,21 млрд теңге болды.

МБҚ орналастыру көлемінің негізгі өсімі ҚР Қаржыминіне тиесілі, ол 1 238 млрд теңгені тартты (өтеу мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейін болатын 13,70%-15,16% бойынша), бұл 2022 жылғы II тоқсандағы көрсеткіштерден 1,4 есе асып түсті. (20-график). Қалған 23,22 млрд теңгені

[1] TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер

мемлекеттік бағдарламаларды («Нұрлы жер 2020-2025жж.», «Шаңырақ» және т.б.) қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органдар (4 облыс әкімдігі) (64,1%-ға төмендеу т/т) тартты.

20-график. Қаржымині орналастырған МБҚ өтеуге дейінгі мерзімдер бөлігінде, млрд теңге



Дерек көзі: ҚҚБ

МБҚ қайталама нарығында сауда-саттық көлемі 8,25%-ға немесе 45,7 млрд теңгеге т/т төмендеп, 507,9 млрд теңгені құрады, бірақ бұл 3,5 есе ж/ж жоғары болды (21-график).

Ағымдағы макроэкономикалық және геосаяси ахуал аясында бейрезиденттердің МБҚ нарығына қатысу үлесі төмендеп, қыркүйектің соңында 2,3%-ды, маусымның соңында 3,3%-ды құрады.

21-график. Бейрезиденттердің МБҚ көлемі, млрд теңге



Дерек көзі: ҚР ҰБ, БҚОД

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы

Корпоративтік облигациялар нарығында сауда-саттық көлемі қайталама нарықтағы көлемнің төмендеуі аясында 2022 жылғы II тоқсандағы 524,3 млрд теңгеден 2022 жылғы III тоқсанда 473,5 млрд теңгеге дейін төмендеді.

22-график. Корпоративтік облигациялар нарығындағы мәмілелер көлемі (млрд теңге)



Дерек көзі: ҚҚБ

Бастапқы нарықта сауда-саттық көлемі 2,6 есе т/т өскені байқалды (өсім 1,4 есе ж/ж). Орналастыру көлемі бойынша Қазақстанның орнықтылық қоры (47,7% немесе 149,4 млрд теңге), Қазақстан темір жолы (38% немесе 118,9 млрд теңге), ҚазАгроҚаржы (12,9% немесе 40,2 млрд теңге) көшбасшы болды. Қазақстан Тұрғын үй компаниясының 27 және 29 жылға екі шығарылымын қоспағанда, эмитенттер арасында 1 жылдан 7 жылға дейінгі өтеу мерзімімен бағалы қағаздар шығару үрдісі сақталды.

Орналастырылған облигациялар бойынша мөлшерлемелер Қазақстан Тұрғын үй компаниясына (0,1% және 3,0% 2 мәміле) және «Арнур Кредит» МҚҰ, ҚазАгроҚаржы, Қазақстан темір жолы, Қазақстан орнықтылық қорына 0,0%-бен жасалған 6 мәмілені қоспағанда, 10-16,9% аралығында өзгерді.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 2,5 есе т/т азайды (1,6 есе ж/ж өсті).

KASE_BMY индексі 2022 жылғы үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша 11,85-ке дейін 61,6 б.п. өсті (23-график).

23-график. Корпоративтік облигациялардың кірістілік динамикасы, %



Дерек көзі: ҚҚБ

В) Акциялар нарығы

2022 жылғы III тоқсанда әлемдік қор нарығының динамикасы теріс аймақта қалды. Жалпы жағымсыз трендтер әлемдегі рецессия қаупіне байланысты.

III тоқсанда әлемдік қор биржалары индекстерінің төмендеуі жалғасты: S&P 500 (АҚШ) – 5,3%-ға, Eurostoxx (Еуроаймақ) – 4,0%-ға, MOEX (Ресей) – 11,2%-ға төмендеді.

Бұл ретте KASE индексі жергілікті сұраныстың ұлғаюы аясында қалпына келіп, 2 674,72-ден 3 083,79-тармаққа дейін 15,3%-ға өсті (24-график).

24-график. Басқа елдердің қор биржалары және KASE индекстері (2019ж. желт. = 100)



Дерек көзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

KASE индексінің құрылымында қаржы секторы көш бастады. «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Kaspi.kz» АҚ акциялары екі таңбалы өсімді көрсетті және бағасы тиісінше 36,8%-ға және 15,9%-ға өсті.

«Банк ЦентрКредит» АҚ акцияларының бағасы оң қаржылық есептілік аясында өсті, Eco Center Bank қосуды аяқтау есебінен жартыжылдық қорытынды бойынша таза пайда 102,6 млрд теңгені құрады. S&P Global Ratings халықаралық агенттігі «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «Тұрақты» болжамымен «B»-дан «B+»-ке дейін көтеріп, бизнес-позицияның жақсарғанын және капитал қорының ұлғайғанын атап өтті.

«Kaspi.kz» АҚ акциялары бағасының өсуі Лондон қор биржасында дивидендтер бойынша төлемдерді және акцияларды кері сатып алуды жариялаумен, сондай-ақ оң қаржылық есептілікпен негізделген. «Kaspi.kz» АҚ таза пайдасы екінші тоқсанда 135,2 млрд теңгеге дейін 32%-ға өсті. Жарты жылда таза пайда 252,4 млрд теңгеге дейін 39,4%-ға өсті. Қыркүйекте Kazakhstan Growth Forum «Kaspi.kz» АҚ басшысы екінші (Лондоннан басқа) шетелдік листингке шығуға ниет білдірді.

«Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ акциялары бірінші жартыжылдықта бағаның төмендеуінен кейін біртіндеп қалпына келді. III тоқсанның қорытындысы бойынша жай акциялар 6,3%-ға өсті. Жартыжылдықтың қорытындысы бойынша банктің таза пайдасы 225,4 млрд теңгеден 281,4 млрд теңгеге дейін өсті, бұл 24,8%-ды ж/ж құрайды.

III тоқсанда байланыс секторында жай акцияларға баға белгілеудің өсуі байқалды. Мәселен, «Қазақтелеком» АҚ 8,0%-ға өсті, «Kcell» АҚ бірінші жартыжылдықта 32,7%-ға қатты төмендегеннен кейін 41,8%-ға қомақты өсті.

Энергетика секторында Қазатомөнеркәсіптің жай акциялары баламалы энергия көздеріне және уран нарығындағы жеткілікті тұрақты бағаларға көшу бойынша қызығушылықтың артуы есебінен 14,0%-ға өсті.

Қазатомөнеркәсіптің жартыжылдық таза пайдасы 2021 жылдың сәйкес кезеңіндегі

58,1 млрд теңгемен салыстырғанда 167,4 млрд теңгеге дейін өсті.

KASE индексінің құрылымында III тоқсанда тек «KEGOC» АҚ акциялары теріс аймақта (-1,4%) болды. Электр энергиясын тасымалдау үшін төмендетілген реттелетін тариф есебінен компанияның таза пайдасы қатарынан бірнеше қаржы кезеңінде төмендеді: 2021 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда 53,5 млрд теңгеден 52,6 млрд теңгеге дейін төмендеді, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 14,0 млрд теңгені құрады. S&P «KEGOC» АҚ-ның рейтингтері бойынша болжамды «Тұрақты» «BB+»-тен «Жағымсыз» «BB+»-ке өзгертті.

25-график. KASE индексі және оның құрамдас бөліктері (2019ж. жел.=100)



Дерек көзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

KASE акциялар нарығын капиталдандыру негізінен акцияларға баға белгілеуді түзету есебінен 22,8 трлн теңгеге дейін 9,2%-ға өсті.

Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі III тоқсанда 17%-ға т/т 3,5 есе ж/ж төмендеп, 32,0 млрд теңгені құрады, оның 2,2 млрд теңгесі шетелдік бағалы қағаздарды сатуға арналған KASE Global тиесілі.

26-график. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі

Дерек көзі: ҚҚБ

V. Депозит нарығы

2022 жылғы III тоқсанда депозиттік ұйымдардағы депозиттердің көлемі ұлттық валютадағы қаражаттың ұлғаюы аясында өсуді жалғастырды.

Өткен тоқсанмен салыстырғанда заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының көп әкелінуі есебінен жалпы долларланудың біршама ұлғайғаны байқалды.

Жеке және заңды тұлғалардың долларлану динамикасы 2022 жылғы мамырдан бастап әр бағытта қалыптаса бастады. Жеке тұлғалардың валюталық салымдарының төмендеуі төртінші ай қатарынан заңды тұлғалардың валюталық салымдарының өсуімен қатар жүрді. Жеке тұлғалардың долларлануы соңғы 15 жылда ең төменгі деңгейге дейін 31,7%-ға төмендеді.

А) Депозиттік операциялар

III тоқсанда банк жүйесіндегі салымдардың көлемі 29,2 трлн теңгеге дейін 7,4%-ға ұлғайды (өсім 12,7% ж/ж). Негізгі үлесті көбінесе ұлттық валютадағы қаражаттың әкелінуі құрады. Ұлттық валютадағы салымдар 18,8 трлн теңгеге дейін 6,8%-ға ұлғайды. Теңгедегі салымдардың ұлғаюына жеке тұлғалардың салымдарының (7,3%), сондай-ақ заңды тұлғалардың салымдарының (6,2%) өсуі ықпал етті (27-график).

27-график. Депозиттердің өсуіне құрамдас бөліктерінің қосқан үлесі, %-бен ж/ж



Дерек көзі: ҚРҰБ

III тоқсанның қорытындысы бойынша шетел валютасындағы депозиттер заңды тұлғалардың салымдарына қаражат ағынына байланысты 8,4%-ға 10,4 трлн теңгеге дейін өсті (17,7%-ға ұлғайды). Бұл ретте жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдары 2,0%-ға төмендеді. Теңгелік салымдардың өсуімен бірге жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының қысқаруы халықтың валюталық салымдарынан теңгелік салымдарға қаражаттың ішінара ағыны мүмкіндігін куәландырады (28-график).

28-график. Депозиттік портфельдің құрылымы, трлн теңге



Дерек көзі: ҚРҰБ

Б) Депозиттерді долларландыру

III тоқсанның қорытындысы бойынша депозиттердің жалпы долларландыру деңгейі өткен тоқсанмен салыстырғанда 35,6%-ға дейін біршама ұлғайды (маусым - 35,3%). Бұл ретте, тұтастай алғанда экономиканы долларсыздандыруға арналған тренд сақталады (2021 жылғы қыркүйек - 36,2%, 2021 жылғы желтоқсан - 36,0%).

Жеке және заңды тұлғалардың долларландыру динамикасы 2022 жылғы мамырдан бастап әр бағытта қалыптаса бастады.

Заңды тұлғалардың долларлануы т/т өсіп, 39,3% құрады. Заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдары төрт ай қатарынан ұлғаюы байқалады. Дегенмен, халық теңгелік және валюталық депозиттердің мөлшерлемелері

арасындағы жоғары айырмашылыққа байланысты жинақ қаражаты ретінде теңгелік депозиттерге басымдық береді. Соның салдарынан жеке тұлғалардың долларлануы соңғы 15 жылда ең төменгі деңгейге дейін 31,7% төмендеді (29-график).

29-график. Депозиттерді долларландыру, %



Дерек көзі: ҚРҰБ

Халықтың депозиттерін долларсыздандыру тренді шағын және орта салымдар сегментінде сақталып отыр. Шоттағы көлемі 10 млн теңгеге дейінгі депозиттерді долларландыру 14,4% (III тоқсанда 16,0%), 50 млн теңгеге дейін - 18,5% (20,0%) құрайды.

Осы трендке депозиттерге кепілдік беру жүйесі қолдау көрсетеді. 2022 жылғы қаңтардан бастап теңгедегі жинақ салымдары бойынша кепілдікті өтеудің ең жоғары мөлшері 15 млн теңгеден 20 млн теңгеге дейін ұлғайды. Нәтижесінде кепілдіктердің ең жоғары сомасы теңгелік салымдар бойынша 10-20 млн теңгені, теңгелік және валюталық салымдар арасындағы кірістіліктің жоғары сараланыу кезінде валюталық салымдар бойынша - 5 млн теңгені құрады.

Ірі салымдар сегментінде (50 млн теңгеден астам) долларландыру деңгейі 2022 жылғы қыркүйекте жоғары болып қалды және 68,9% (65,7%) құрады, бұл депозиттердің жалпы долларландыру мөлшерінен іс жүзінде 2 есе артық.

Қыркүйекте 50 млн теңгеден астам сомадағы салымшыларды және «Отбасы Банкіндегі» жеке тұлғалардың депозиттерін санамағанда депозиттерді долларландыру 16,4%-ды құрады.

В) Депозиттік мөлшерлемелер

Базалық мөлшерлеменің көтерілуінен кейін корпоративтік сектордың да, халықтың да теңгелік салымдары бойынша мөлшерлемелер өсуде.

Тартудың неғұрлым көп үлесі бар (84,2%) 1 айға дейінгі мерзімге заңды тұлғалардың салымдары бойынша мөлшерлемелер 2022 жылғы II тоқсанда 11,7% - дан 2022 жылғы III тоқсанда 12,5% - ға дейін (2021 жылғы III тоқсанда 7,4%) ұлғайды. 1 айдан 3 айға дейінгі салымдар бойынша орташа алынған мөлшерлемелер 11,7%-дан 13,0%-ға дейін (7,6%) ұлғайды, 3 айдан 1 жылға дейінгі салымдар бойынша 11,0%-дан 11,5%-ға дейін (7,4%) ұлғайды (30-график).

30-график. Заңды тұлғалардың мөлшерлемелері, %



Дерек көзі: ҚРҰБ

Бөлшек сауда сегментінде 3 айдан 1 жылға дейінгі (31,1%) және 1 жылдан 5 жылға дейінгі (45,8%) мерзімдер бойынша тартудың неғұрлым көп үлесі бар мерзімді теңгелік салымдар мөлшерлемелері де өсуді көрсетті. 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді салымдар II тоқсандағы 10,8%-дан 2022 жылғы III тоқсанда 12,2%-ға дейін (2021 жылғы III тоқсанда 8,3%) ұлғайды. 1 жылдан 5 жылға дейінгі салымдар бойынша мөлшерлемелер 12,1%-дан 12,7%-ға дейін ұлғайды (8,7%) (31-график).

31-график. Жеке тұлғалардың мөлшерлемелері, %



Дерек көзі: ҚРҰБ

VI. Кредит нарығы

2022 жылғы III тоқсанда жүргізілетін ақша-кредит саясаты аясында кредиттік ресурстардың құны көтерілді. Дегенмен, заңды тұлғаларға кредит беру көлемі негізінен бизнеске теңгемен берілген қарыздар есебінен өсуді жалғастырды. Логистиканың нашарлауына және Ресейге санкциялардан бұрын зардап шеккен банктердің кредиттік белсенділігінің төмендеуіне қарамастан, экономиканың негізгі салаларында (сауда, құрылыс, көлік және ауыл шаруашылығы) ж/ж жинақталған кредиттерін берудің оң өсуі сақталып отыр.

Ипотекалық кредиттер үлесінің бірқалыпты кеңеюіне байланысты нарықтық негізде ипотека бойынша мөлшерлеме өсті.

А) Кредиттік мөлшерлемелер

Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер аясында банктік кредиттеу құнының қымбаттауы болды (32-график). III тоқсанда заңды тұлғалар үшін теңгемен кредиттер бойынша орташа өлшемді мөлшерлеме 4,5 п.т. ж/ж 16,2%- ға дейін өсті, ал жеке тұлғалар үшін мөлшерлеме тұтынушылық кредиттер құнының төмендеуі аясында 0,3 п.т. 17,3% - ға дейін төмендеді.

32-график. Берілген кредиттер бойынша мөлшерлемелер



Дерек көзі: ҚРҰБ

Ипотекалық кредиттерді беруде нарықтық негізде ипотека үлесінің аздап кеңеюі өткен жылдың осындай кезеңіндегі 8,0% - дан III тоқсанда 8,4%-ға дейін ипотека бойынша мөлшерлеменің өсуіне әкелді. Тұтынушылық қарыздар бойынша мөлшерлеме 19,2%-дан 17,7% кв/кв дейін төмендеді, оның ішінде жекелеген банктердің маркетингтік акцияларды іске қосуы есебінен. Шілде айында «Каспи Жұма» акциясын өткізуге байланысты тұтынушылық қарыздар бойынша тарихи ең төменгі мөлшерлеме (16,3%) тіркелді.

Б) Жаңа кредиттер беру

III тоқсанда берілген жаңа кредиттер көлемі 6,3 трлн теңгені құрады, бұл 12,9% ж/ж жоғары. Өсудің басты драйвері халыққа кредиттер болып табылады, олар ж/ж 21,7% өсті (33-график).

Кредиттеу құнының өсуіне қарамастан, кредиттерге сұраныс және оның ұсынысы қолайлы деңгейде қалып отыр. Ұлттық Банк кәсіпорындарының іскерлік белсенділік бойынша сауалнамасына сәйкес қыркүйекте дайын өнімге сұраныс едәуір жақсарды және қаржыға/кредиттерге қолжетімділікті бағалау а/а жақсарды.

33-график. Берілген жаңа кредиттер



Дерек көзі: ҚРҰБ

Бөлшек кредиттеудің өсуіне жаңа тұтыну кредиттері елеулі үлес қосты, олар г/г 20,8% өсті (34-график). Ірі банктер тарапынан «0-0-12» акциясын іске қосу және «Каспий Жұма» тұтынушылық қарыздардың өсуіне серпін берді. Бұдан

басқа, ағымдағы жағдайларда тұтыну қарыздарының өсуінің негізгі себептерінің бірі халықтың жоғары инфляциялық күтулері болды.

Тұтынушылық кредиттерден басқа жеке кредиттеудің өсуіне ипотека да оң үлес қосты. «Отбасы Банкі» АҚ-тың жеңілдікті ипотекалық бағдарламалары мен «7-20-25» бағдарламасы жиынтық ипотекалық портфельде айтарлықтай үлеске ие, өйткені осы құралдар бойынша нақты мөлшерлемелер теріс аймақта және нарықтық мөлшерлемелерден айтарлықтай төмен. Берілген ипотекалық қарыздардың көлемі 16,7%-ға ж/ж өсті (34-график).

34-график. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер



Дерек көзі: ҚРҰБ

III тоқсанда кәсіпорындарға берілген кредиттердің көлемі 3,9%-ға ж/ж ұлғайды (34-график). Ұлттық валютадағы жаңа кредиттер 5,2%-ға өсті, ал шетел валютасындағы қарыздар 5,7%-ға төмендеді.

35-график. Салалардың кредиттер берудің өсуіне қосқан үлесі



Дерек көзі: ҚРҰБ

Құрылыста, көлікте, саудада және ауыл шаруашылығында жаңа кредиттер берудің тиісінше 31,4%, 21,5%, 11,6% және 4,1%-ға өсуі байқалды (Ұлттық Банк кәсіпорындарының іскерлік белсенділік бойынша сауалнамасына сәйкес құрылыс секторы қыркүйекте біршама жақсарғанын көрсетті). Экономиканың басқа негізгі салаларында төмендеу байқалды (35-график).

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттердің көлемі 33,1%-ға ж/ж ұлғайды.

Бизнеске берілген кредиттердің негізгі көлемі айналым қаражатын (75,5%) толықтыруға бағытталған, олар 0,2%-ға ұлғайды. Объектілерді салуға және қайта жаңартуға кредиттер берудің 24,0%-ға, негізгі қорларды сатып алуға 42,5%-ға айтарлықтай төмендеуі байқалды (36-график).

36-график. Кредиттеу объектілері бойынша бизнеске берілген кредиттер



Дерек көзі: ҚРҰБ

В) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттер портфелі

2022 жылғы III тоқсанда барлық жаңа берілген және өтелген кредиттер арасындағы айырмашылық жеке тұлғаларға ұлттық валютамен оң нетто-кредиттеу есебінен оң қалыптасты (37-график). Нетто негізде жеке кредиттеу тұтынушылық және ипотекалық кредиттеудің ұлғаюы есебінен оң аймақта болды.

37-график. Нетто-кредиттеу



Дерек көзі: ҚР ҰБ

Жоғары белгісіздік аясында заңды тұлғалар тарапынан кредиттерді өтеу өсуде.

38-график. ЕДБ кредиттік портфелінің өсу динамикасы



Дерек көзі: ҚР ҰБ

Жиынтық кредиттік портфельдің көлемі (банктік кредиттер бойынша берешектің қалдығы) қыркүйектің аяғында 24,4%-ға ж/ж ұлғайып, 21,1 трлн теңгені құрады (III тоқсан үшін өсу – 5,2%, жыл басынан бері – 14,1%) (38-график). Ұлттық валютадағы кредиттеу портфельдің өсуіне негізгі үлес қосты, ал шетел валютасындағы кредиттеу теріс салымды сақтап қалды.

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Нетто-кредиттеу берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырмашылық болып табылады.

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк кері РЕПО операцияларын Ұлттық Банктің кепілді қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында жүргізеді.

Ашық нарық операциялары – банкаралық пайыздық мөлшерлемелер деңгейіне ықпал ету мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары. Ашық нарықта операциялар Ұлттық Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Ашық нарық операцияларын жүргізу кезінде кепіл ретінде жоғары өтімді және тәуекелсіз бағалы қағаздар пайдаланылады.

Тұрақты қол жеткізу операциялары – ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер мәміленің бір тарапының субъектісі Ұлттық Банк болып табылатын екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, оларды: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айырбастауға болады; 2) олар чек, тратта немесе қомақты-тапсырмалар арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылады. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар жинақ және мерзімді депозиттер жатады. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Тікелей РЕПО – бағалы қағазды алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

TONIA мөлшерлемесі – биржада мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты РЕПО секторында жасалған, бір жұмыс күні мерзімімен репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

а/а – айдан айға

б.т. – базистік тармақ

ж/ж – жылдан жылға

ҚҚБ (KASE) – Қазақстанның қор биржасы

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар

млрд – миллиард

млн – миллион

ОПЕК – Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

п.т. – пайыздық тармақ

т/т – тоқсаннан тоқсанға

трлн. - триллион